

Е ХАМЗА ЕСЕНЖАНОВ

АҚ ЖАЙЫҚ

ТРИЛОГИЯ



АЛМАТЫ «ЖАЗУШЫ»
1988

84 Қаз 7—44
Е 79

В $\frac{47022302B00-105}{402(05)-88}$ 203—88

ISBN 5—605—00203—1 (Г. 2)
ISBN 5—605—00230—9 €

«Жазушы» баспасы
1988— көркемделу

Екінші кіман

ШЫҢДАЛУ



Ұзын аққан, міне, Еділ мен Жайығың
Талай ерлер ерлей салған қайығын...
Сәкен.

БІРІНШІ ТАРАУ

1

Қара Оба болысының жері байтақ — бір жағы Жайық, бір жағы Есен Аңқатысының басына қарай ойысып, жалпақ жатқан Жымпиты даласымен ұштасып кетеді. Атпен жүрсе айналасы әлденеше күндік бұл самиян сардаланың құбыла беті қырат та, арқа жағы ойпаң. Сан түрлі шөп өсетін құйқасы кілемдей қара топырақты осы жазық алапты үстінен шықпасаң көрінбейтін терең-терең сайлары мен ұзын-ұзын өзендер ғана жарып өтіп Жайыққа құлап жатыр. Тауы да жоқ, орманы да жоқ тақтайдай дала; алыстағы аласа адырлар мен жұмыр бел жонайттарының үстін жаз күні қалтыраған сағым орап алып, көкжиекпен тұтасып жатқан теңіздің төріндей етіп көрсетеді; ал қыстыгүні: белесі мен обасын, ойпаты мен саласын қартадай сары қар бүркеп, бетіне көз аялдар қарасыны аз күн астында тұтасып жатқан шетсіз бір-ақ аяң.

Жайық бойын мекендеген шоғын-шоғын Кердерілер мен Тамалар көше жайлап мал жайып, жиегіне шұқылап егін егіп бұл ұшан теңіз шұрайлы өңірдің бір қолтығын да игерерлік емес-ті. «Бұл жерге өнегелі өмір үлгісін көрсететін егіншілік ісіне жетік ел қондырсаң, күрлеген өлкеге айналар еді» деп көксеген кәрі Бақытжан Екінші думаның мәжілісінде: «Ресейдегі қалың шаруа ағайындардың жері жоғы бізге де батады, біз оларға ығысып жер беруге әрқашан да әзірміз» деген-ді. Бірақ ағайыншыл Бақытжанның адамшылығын ескеріп, оның өнегелі өмірді көксеген тілегіне сай қоныстану болған жоқ-ты. Әлсізді жаншып, теңдік тілегенді езіп үйренген отаршыл үкімет 1900 жылдары тап сол ұлан байтақ жерге топырлатып «ел қон-

дырды». Бұл, әрине, жер иесі қазақ елінің қалауымен де, қоныстанушы қарашекпеннің тілеуімен де жүргізілген іс емес-ті. Помещиктер мен шіркеу иелерінің, құлақтар мен шен-шекпенділердің жері мен суына «бізде адамбыз» деп көз алартқан шабаталы шаруалар көшіру тізімінің нақ басына ілікті де, көгендеген қозыдай вагонге тиеліп әкелініп кең сахараға бір-ақ ақтарылды. Ол желкесінен ұстап отарбаға малша тиелген мұжықтардың көбі бір соққыдан екі соққы жеген «хохолдар» еді. Қазақты «киргиз» деп кеткені сияқты, бұл украиндықтар да ол күнде өз аты өзіне бұйырмай «хохол» (айдарлы) атанған болатын. Әрине, бұларға Жайықтың оң жағасын бүтіндей иемденіп қалған казак-орыстардың арасынан орын «ауысқан» жоқ, «бар, ана киргиздармен қырылысыңдар» дегендей, бұл Украина егіншілерін әміршілер қазақ жерінің қақ ортасына — үлкен өзеннің қорғансыз жатқан арғы бетіне апарып тастады. Сөйтіп қазақ даласы ескі Қара Оба болысының жерінде Федоровка, Богдановка, Покатиловка, Алексеевка, Долинка, Керенка, Павловка деген селендер пайда болып еді.

Басында жер қожасы Кердерілермен қонысты тартып қонған қарашекпендер арасында қырық пышақ ұрыс-талас та, жазы-қысы үзілмейтін дау-жанжал айттыс та болып жүрді. Бұл, әрине, жер-су жетпегендіктен емес, түсінісудің тапшылығынан туған егес еді. Бірте-бірте ішкі беттен келген бейнетқор егінші елдің жер жыртып, егін еккенін, қала боп үй салғанын, мектеп ашып бала оқытқанын көріп қазақ еңбекшілері де кәсіпке араласа бастады, бірден екі отырықшылық тұрмысқа қарай бет алды. Айлар, жылдар өтіп жатты. Жері мен суы, базары мен кәсібі аралас бұл көрші қонған қарашекпендер мен қазақ ауылдары мидай араласа бастады. Таныстықтан тамырлыққа жол ашылды. Қазақ тілі мен орыс тілі егіз тілге айналды. Келе-келе өгей ұлдай патша үкіметінен көз түрткі болып өскен бұл жағадағы ұлты басқа екі ел ағайынды адамдай қол ұстасып, басына бостандық, еліне теңдік алу күресіне бірге аттанатын күн де туды.

Орал ойранынан кейін Әбдірахман Қара Обаға ай жарым дегенде оралды. Бірақ ол Жайық жағасындағы өзінің аулына да, адамы шетінен таныс Федоровка селосына да бармай, қырдағы Әжі ағашына келді. Әжі ағашы Богдановка селосының түбінде, ертеректе ел жайлап, қазір шабындыққа айналған шөбі мол, суы

тұщы, ауыл табанынан қырғарырақ тұрған бір тамаша сала еді. Былтырдан қалған бір кебен пішен мен жапанда тұрған жалғыз ағаш жолаушыға аялдау үшін әдейі қойғандай — түбі әрі көлеңке, әрі ық.

Күн кешке айналған шақты, күндізгі ыстық алдақашан бәсеңсіп, ағаш түбі тіпті салқын тартып қалыпты. Әбдірахман сол көлеңкесі ұзарған ағаштың саясына етпеттеп жатыр. Даланың мұрын мейірін қандыратын қышқылт жұпары — киік отын иіскеп-иіскеп қояды. Он бес шақырым жер жаяу жүріп келген адамға көкорай үстінде көлбеп дем алған қандай жақсы! Ол Қаленнің мінгізіп жіберген атын да, ат алып қайтуға қасына қосқан баласын да «Қырық үйдің» жерінен асқан соң, Ащыбұтақтан кері қайтарып жіберген. Көлденең керген адамға майданнан қайтқан солдат сияқты: сақал-мұрты қырылмаған, етігінің жұлығы аппақ, күнге күйген сұр гимнастеркасының түсі қуарған ақ шатыр сияқты, үсті де шаң-шаң. Бірақ ол кездескен адамға: «Мына бір қыстан қалған пішенді мал бүлдірмесін деп орлай келіп едім, күн де ыстық болды. Әбден қалжырадым...» демекші. Бұған жұрт нанарлық та. Не көп майданнан қайтқан солдат көп, олардың ел шаруасынан ала бөтен көзге түсетіні де күнге күйген гимнастеркасы мен әскер етігі және бәрі де бірнеше жыл қолына тимей, азапты соғыстың құшағында жүріп азып, сағынып зар болған үй шаруасына өші бардай-ақ жан-тәнімен кірісіп кеткен. Қай селоны алсаң да үй төңірегін тараптаған, шалғы көтерген, ат суарған, арба оңдап жатқан солдат киімді шаруадан көз сүрінерлік. Қазақ ауылында бір-екі жылдан бері сұр шинель мен сұр гимнастерка киген шаруалар толып кетті.

Сөйтіп Әбдірахман «ор қазған солдат киімді шаруа» болып жалғыз ағаш түбінде дем алып жатты.

Жусанын иіскеп, бетегесін жастық етіп талай аунаған, жаз күндерінде жылқы күзетіп талай түңеген бұл кіндік кескен жер ел мен үйін сағынған Әбдірахманға салулы төсек, салқын үйдей көрінді. Ол әлденеше рет аунап түсіп, етбетінен де, қырынан да жатып Қара Обаның кешкі сағым орай түскен жасыл қырларын көзі тойғанша қарады; шалқалап жатып айдын шалқар аспанына көз жіберді; ойпаң салаға орын тепкен орыс деревнясының алыста жатып үйлерін санады. Бәрі таныс, бәрі жақын жер мен ел! Бәрі де кеше

ғана көріп-көрісіп жүрген жандар! Қандай рахат сақара! Жүрекке өзгеше жылы!...

Ол әлдене бір қиял тербетерлік алдағы өмірдің аса айқын болмаса да, бақытты, шатты, даңқты суреттерін көз алдына зорлап елестеткендей болып жатып көзі ілініп кетті. Қанша уақыт өткенін көзін ашқаннан кейін батуға таяу тұрған күннің ұясына кіріп кеткенінен ғана шамалады, он-он бес минут қана өткен шығар. Бірақ көп уақыт сияқты. Өте көп уақыт! Қатты дауыл соғып жер дүние солқылдап тұрғандай, ысқырған желдің дыбысы құлаққа келеді...

Басын көтеріп алғанда, алдымен оның көзіне пішен жақтан келе жатқан жаяу адам түсті. Қалың шөпті жапыра басып жақындап келеді. Қолында таяғы бар шаруа орыс. Ысқырған жел болып естілген осы жаяу адамның шалғынмен жүрген аяғының дыбысы екен. Әбдірахман басын көтерген күйі, орнынан тұра қоймай, екі аяғын көсіліп отырды. Төрт-бес қадамдай-ақ жерге келіп қалған бұл адамның түрі де, киімі де қырдан келе жатқан шаруа екеніне күмән келтірерлік емес. Сонда да сергек ұйықтап, сақ жүріп қалған революционердің оң қолы ақырындап ішкі қалтасына қарай жылжыды. Бұл қимылды келген шаруа сезген, сезбегенін кім білсін, әйтеуір ол Әбдірахманның күні бұрын дайындап қойған жауабының үстінен шықты.

— Солдат молодец!— деді ол. Сөйтті де арғы жағын қазақша сөйлеп кетті.— Пішенді жақсы орлаган-сін! Малға шаштырмай, вақытында қандай ақылды жұмыс істеген-сін? Мен анада көріп едім: осы пішенді бір өгіз иіктап жатыр еді. Сабанға түскен өгіздікі арқа кішиді. Пішенге сүйкенеді. Өгіз пішенді көрсе құтырып кетеді. Осы күні ат аз, өгіз көп. Сен жақсы орлайсың; терең орлайсың. Оқоп қазып үйренген солдатсың, а? Солдат жұмысқа жақсы. Молодец!

Әбдірахман оның мақтағанына емес, жайбарақат жүрген момын шаруа екеніне және жасының өзіне әлдеқайда үлкен екенін қарап өте-мөте жылы үнмен:

— Здравствуйте, дед, здешний,— деп сұрады.

— Здрасти, здрасти. Осы жердікі. Мына Богдан-дыкі,— деді шаруа. Ол мақтауға әбден тұрарлық. Пішен иесі (кім екенін Әбдірахман білген жоқты) кеше ғана бетін жайпақ, астын тап-тар етіп және ара-арасында ат жалындай қыр қалдырып бөлмелен орлапты; келген мал аттап та өтерлік емес, ордың ішіне түссе айналып та шыға аларлық емес.— Бағана Әбді-

рахманның өзі де қарап тұрып шаруаның адам сүйсінерлік әрі шебер, әрі мұқияттап берік орлаған орына қатты риза болған еді. Ол мына шаруаның ыңғайына екі үштілеу етіп жауап қайырды.

— Келісті орлаған дейсіз бе? Әрине, кім орласа да еңбегім зая кетпесін деп мұқият орлауға тырысады ғой. Бірақ шаруа байғұстың пішеніне түсетін мал қазір көбейіп тұр ғой, кәрия. Ана атты казактар, өгізден де жаман. Бейнеттеніп шапқан шөбіңді жаздың қақ ортасында-ақ аттарына жегізіп бітірді. Ауылға келсе болды — аттарына шапқан шөп салдырады. Мұндай екі аяқты айуанды мен өзім бұрын-соңды көріп-білген жоқ едім. Сіздердің Богдановкаларыңыз аяқ асты емес. Мойны қашық жерде, әдейі арнап келмесе, кез келгені соға бермейтін шығар, — деді.

Көмейден шығатын «Қ» мен «Ғ» сияқты күңгірт дыбыстарды ғана жіңішкертіп айтқаны болмаса мына шаруа орыс, қазақ тіліне судай көрінді. Және өзі қазақша сөйлеуге құмартып қалған адамдай, орысшаны қойып, қазақшаға ауа береді. Сондықтан оған жауапты Әбдірахман да өз тілінде қайырды. Ал, шаруа бара-бара тілге де, астарлы сөзге де жетік екенін, тіпті, саясаттан да құр алақан емес екендігін дәлелдей түсті.

— Мына сияқты сен қазған ордай етіп, екі аяқты айуандарға да ор қазып, алдын бөгеп қою керек, — деп күлді шаруа. — Ол соған құлап мойнын үзіп алысын, а... сен өзің қай ауылдансың, Сүгірбай ма, Кисік ауылы ма? Әлде Жарма ауылы жақтан ба?

«Мынау менің өзімді танып тұрған қу ғой. Барлық ауылдың атын білгенде, мені де талай көрген шығар...» — деп ойлады да, Әбдірахман күліп:

— Кәрия, отырыңыз. Мен Сүгірбай ауылының кімін. Ал, сізге шынын айтайын: бұл орды мен орлағаным жоқ, бірақ кім орласа да ерінбей еңбек істейтін адал шаруаның қолы көрініп тұр. Сіз де жақсы байқаған екенсіз. Бұл орға өгіз түсе алмас. Ал, екі аяқты айуандарға орды менен басқалар, яки шаруалар, мына сіз сияқты адал ниетті шаруалар қазып жатқан жоқ па? Мен сіздің Богдановкаларыңызды жаппай ор қазуға шықты деп естідім... — деді.

Ол қарттың өзі бастаған жұмбағын өзі қалай шешер екен деп, жүзінен де жауап іздегендей бетіне қадала қарай қалды. Бірақ шаруа Әбдірахманның сұрағына тура жауап қайтармай, көзінің астымен қа-

далған Әбдірахманға бір қарап алып өз ойын түптей түсті.

Сүгірбай ауылыныкі болсаң, мен білмейтін ол жерде кім бар? Көзге түсетін жігіттер Айтеке мен Нисеке тұқымы. Айтеке баласы Оральскідегі казактар бунтында ұстатпай кеткен дейді. Әлде сен солмысың?! Айтекеге ұқсайсың! Мен көрмеген едім,— ол болсаң сен бұрын шетте, Күйікқалада жүрдің... Жарайды, айтпасаң да болады. Сүгірбай ауылында карательдер жатыр дейді. Олар Парамоновты да іздеп жүрген көрінеді. Бізге де келді...

Әбдірахман сасып қалды. Бұ бәрін білетін адам болып шықты. Ол жалма-жан тая жауап беру ниетімен қарсы сұрақтап сыр тарту әдісіне көшті.

— Кәрия, оны сізге кім айтты?

— Нені айтасың?

— Айтиевтердің атамандар қолынан қашып шыққанын кімнен естідіңіз?

— Естідік. Біздің Михаил Макеевичтен естідік. Хабар ертеңінде келді. Жаман хабар жата ма. Ізінше карательдер де келді. Михаил Макеевич деп мен Довженконы айтамын. Мен сезіп тұрмын сен Довженконы да, Петр Петрович Парамоновты да білесің. Менің ішім сезеді. Сен білесің ғой жасырма,— деді шаруа күліп.

Орал советінің атқару комитетіне мүше болып сайланған Парамонов пен Богдановканың басшысы большевик Довженкомен кездесу үшін Әбдірахман тап осы жерге келгенді, ымырт жабылғанша аялдап, селоға өз бетімен елеусіз түрде кірмекші еді. Ал, мына ақпейіл шаруа көп нәрселердің ұшын көрсетіп тастады. Сондықтан Әбдірахман жолдастарын анықтап сұрауға бел байлады.

— Кәрия, мен Довженконы да, Парамоновты да бұрын көріп едім, екеуімен де таныспын. «Оларды сен білесін» деп сіз дұрыс болжап тұрсыз. Ал, Довженко қазір үйінде ме? — деп сұрады Әбдірахман.

Әбдірахман кәрия деп сөйлегенмен бұл шаруаның жасы елуден көп жоғары емес-ау деп шамалады. Бойшаң келген таразы адам; таяуда қырған сүйір иекке көк бұрыл қылтанақ қайтадан қаптап келе жатыр да, ал ұстара тимеген қою мұрт әлі қоп-қоңыр, оның ішіндегі азын-шоғын ақ талдар көзге аса ілінерлік те емес; үлкен қырлы мұрны мен тік маңдай жүзіне жарасты сұс беріп тұр; бірақ бет әлібі ызғарлы емес — көз ай-

наласындағы жұмсақ сызықтар мен оның жұқа өңі, әсіресе сөйлеген кезде күле түсетін көз құйрықтары жылы шырайдың белгісі сияқты. Бетіне қарап отырып: «Ақылың да, сұмдығың да мол шығар, бірақ тегің мейірімді жансың ғой» деп бағалады Әбдірахман.

— Айттым ғой оларды білетініңді мен бірден шамалап едім, жолдас Довженко бүгін селода, — деді ол Әбдірахманға таман жақындай түсіп, — ол да қашып жүр. Үйінде жатпайды. Бірақ біз өз адамдарымызды зәбірге бермейміз. Сен жасырма, кімсін, айт. Оларға айтатын сөзің болса жасырма...

Әбдірахманның жүрегіне кәрияның сөзі елжіретерлік бір аталық мейірім құйып жібергендей болды. Оның қиылғандай сұрап «кімсін айт» дегендегі лебізі шексіз ескірген үн боп естілді. «Енді сақтық етіп бұл адамға жөн айтпау күнә болар» деген оймен ол:

— Біз оларды зәбір-жапаға бермейміз деген сөзіңіз саналы адамның ғана аузынан шығатын адамшылық сөз. Мұны езілген еңбекшілердің ғана шын тілектес адамдары айта алады. Мұндай бауырмал, ерлік сөзіңізге рахмет. Мен сол екеуінің жолдасымын. Сіз мүмкін танып та тұрған шығарсыз. Менің атым Әбдірахман, фамилиям Әйтиев, — деді.

— Моисей Кисляк, Богдановка селосынікімін, — деп шаруа Әйтиевтің жанына қазақша жүгініп отыра қалды да, қос қолын беріп амандасты. — Мені сіз танымайсыз, Айтиев жолдас. Бұрын көрген жоқсыз. Бірақ мен сізді шырамыттым. Ініңізге, әкеңізге ұқсайсыз. Басқа әңгімені селоға барғанын жолдастарың айтар. Жүріңіз.

— Рахмет, ақсақал, көп рахмет. Жылы сөзіңізге сансыз рахмет.

Кисляк балаша күліп, өзінің топшылағанын дәлелдей түсті.

— ...Мен сіздің пішенші емес екеніңізді эп дегеннен білдім. Сонда да хитрить еттім: солдат, орды жақсы казғансын дедім. Ор казған кісі терлейді, шаршайды, қолдары күлбіреп кетеді. Сіздің қол күрек ұстамаған қол, оны ап дегеннен көрдім. Сонсын темір күрек те жоқ кой сізде, — деп күліп айнала бір қарап алды да: — етік жүлігі агарған көп жүріп аяқ ауырған, гимнастерка күнге күйген. Алыстан келгенсін, шаршап келіп көз іліндіріп жатқансыз. Ана «кірік үй» жактан. Ащы бұтақтан келгеніңізді мен көрдім егін

басында отырып. Дұрыс па, Айтиев жолдас. Кәрия біле ме?

— Дұрыс, кәрия, бәрі дұрыс... атыңызды қалай дедіңіз, кәрия?

— Моисей Антонович Кисляк.

— Моисей Антонович, арғы жағын айтпай-ақ қойыңыз. Мұндай кезде кімнің кім екенін сұраспаған да жақсы. Ал, Довженконы сіз хабарлап маған жіберсеңіз жақсы болар еді.

— Жоқ, өзің жүр... өзіңіз жүріңіз. Жуынып, тамақ ішіп, сақал алып, ұйықтап алыңыз. Мен өзім күзетіп тұрамын, ешкім келмейді. Келсе де жасыратын жер бар,— деді Кисляк Әбдірахманның қолын ұстап жалынғандай пішінмен.

Село алыс емес еді, бұлар оған андағы-мұндағы көзден жасырып жетпеген кезде келіп жетті.

Жолшыбай әңгімешіл Кисляктің кім екенін білгісі келіп Әбдірахман:

— Қала жақта не болып жатқанын білмейсіз бе? Үлкен фронт жақындады деген әңгіме естілмей ме?— деп сұрап еді.

Кисляк оған:

— Менен ондай әңгімелерді сұрамаңыз. Мен шаруа кісі, ауыл арасының кәкір-шүкір әңгімесі болмаса, ондай үлкен жайларды білмеймін,— деді. Сөйтті де морт қайырған жауабы Әбдірахманның көңіліне келіп ауыр алып қала ма деген адамдай жалтаң-жалтаң қарай берді. Қонақ есебінде мүсіркеп алып келе жатқан бұл жұрт үшін бейнет шеккен жанның көңілін көтеруге тырысты ма, болмаса басқа бір ниеті болды ма, әйтеуір ол:

— Киргиз көршілер бай ел. Мен көп араластым, екі-үш жыл Меновой дворда жұмыс істедім. Сонда киргиз көршілерімнен тіл үйрендім. Богдановқаға келген соң да ауылмен араласып тұрамын, ана Қожалар тамыр, күнде барып тұрамын, қымыз ішемін, жақсы адамдар,— деп қазақ көршілерін мақтады.— Біз жарлы селомыз. Бір сиыр, бір аттан басқа мал жоқ. Көбінде ат та жоқ. Егін де мөз емес. Жер жыртуға күш те аз. Бір-екі семья ғана күйлі тұрады,— деді.

Шынында да Әбдірахманның көзіне дәулетті селоның пішіні келе қалмады. Жері құйқалы, суы мол, аяғы бөгетті Теренсайдың бойын қуалай салған кішке-

не үйлердің бәрі біркелкі. Төбелері сабанмен жабылған. Алыстан қарағанда жағалай тіккен егіншінің қосындай шошайған төбелері ғана көрінеді. Шағын аула, жинақты қораның төңірегінде мал басы көзге іліне бермейді. Өзі ұзын, өзі жалғыз көшенің екі жағы осы сияқты тізілген төрт бұрышты үйлер ғана. Село жанында көрінім жерден қол бұлғап тұратын жел тиірмен де, асты дүкен, үсті сарай қос қабат үйлер де, шошайған шіркеу де жоқ. Үй сыртында үйілген мая-мая пішен де көрінбейді. Адал бақанның қысқа-қысқа ашалары сияқтанып, ұзын көшеден сайға қарай бұтақтап шыққан келте орамдар да томпиған үйлерге толып тұр. Бәрін бір қалыптан шығарғандай және бәрінің сырты ақ балшықпен сыланыпты.

Сырт көрінісі жұпыны, қара-құрасы аз, қыбыры кем, даңғыр-дұңғыры жоқ жым-жырт жатқан дала қойнындағы бұл момақан село адамға бай екен, әсіресе бала мол көрінді.

Көшке таман көшемен өтіп бара жатқан солдат киімді, сақал, мұрты өсіңкіреген қара қазаққа қарап көшенің екі беті әйел мен баладан өріліп қалды.

— Мама, мама, дядя Кисляк солдатты айдап келеді, қарашы. Әне, қарашы,— деді бір бала көріп тұрған мамасының етегінен тартып.

— Цып. Солдат емес, киргиз,— деді шешесі баланың төбесінен нұқып қойып.

— Әрине, киргиз. Сен солдат пен киргизді айыра алмайсың,— деп әйелдің екінші баласы білгішсі қалды. Бірақ бірінші бала да өз пікірін дәлелдеу үстіне тапқырлық көрсетіп жатты.

— Киргиз да, солдат та,— деді ол.— Көрмейсің бе, гимнастеркасы бар. Ал, өзі қап-қара.

Кисляк пен Әбдірахман ұзын көшемен көп жүрмей бір үйге бұрылды. Үйдің арт жағындағы қарағаймен шегендеген биік қақпақты құдықтың жанында бір қолымен атының мойнын, бір қолымен жас келіншектің белінен орай құшақтап ұзын бойлы, қапсағай қара жігіт өзіне қарай тартып тұр еді.

— Ваня, ақымақтанба... жібер шелекті, үйде жұмыс көп, кеш болды. Қараңғы түсіп барады,— дейді келіншек, жігіттің қолынан аса босана қойғысы келмейтін жұмсақтау үнмен.

— Мен шелекті ұстап тұрғаным жоқ, сені ұстап тұрмын, сонсоң, сенің үйіңде жұмысың бар екен деп

мен атымды суармауым керек пе, ақылды келіншек? — деп қыса түседі Ваня дейтін ұзын жігіт.

— Жібер деймін, Ваня! Ақымақтанба деймін, Ваня. Жұрт көріп тұр ғой...

— Бетегенді бұлттып, өзінді шелегіңмен қосып атқа өңгеріп алып кетейін бе?

— Қолыңнан келмес!

— Алып кетсем қайтесің?

— Ваня ақымақтанбай жібер. Әне, Моисей Антонович келіп қалды. Ваня, сен нағыз ақымақсың. Жұрттың жолын бөгейсің, жібер деймін шелекті, — деп әйел даусын ширата, өзі жұлқына түсті. Бірақ жігіт оны босата қоймай, қолымен белін құшақтаған күйі бұрылып қарады да:

— Е, Моисей Антонович келіншек көрмеді дейсің бе. Жас кезінде ол өз деревнясында первый порубок болған кісі. Солай ма, Моисей Антонович? — деді кішкене шарбақ қақпаның алдына келіп қалған Кислякке қарап күліп.

Әбдірахман ұзын жігіттің әйелді құшақтап тұрғанын жаңа ғана көрді. Жігіт те оны көзі шалып қалып, танитын адамдай ыржия түсті.

— Ваня, — деді Кисляк орысша, даусын көтеріңкіреп, — госпитальдан шыққан солдат. Алыстан келеді екен. Сен де солдатсың ғой, сенің үйіңде болсыншы таң атқанша, — деді. Оның даусын қатардағы үйлер түгіл, көшенің арғы бетіндегі адамдар да естігендей болды. Сөйтті де ол: — Бері келіп кетші, — деді ат суарған жігітке ақырын ғана. Суға қанған ат, қақпа алдындағыларға едірейе қарап, ақтық ұрттаған суын құдық басының қақ тұра бастаған көк балшығына ағызып тұрып бүйірін шығара демін бір-ақ алды. Ал, «шелегімді бер деп» асыққан әйел, енді өбігерленген жоқ. Ол қақпа алдындағыларға «қайдан келіп қала қойып едіңдер» дегендей, аузын томпайта қарады да, белін босатып, ұзын қолын сермей түсіп адымдап бара жатқан Ваняға қабағын шытты.

— Сен Ваня, ешқайда шыққан жоқсың ба? Баткоң үйде ме, — деп сұрады да, — мына кісіні Довженко мен Петр Петровичтің біріне алып бар, — деп сыбыр ете қалды Кисляк оған.

Петр Петрович Парамонов Әбдірахманды Богдановка ячейкасының мүшелерімен таныстырды.

Аңдыған жау аяқ астынан да шыға келеді. Парамонов пен Әбдірахман іңірде село шетіне ақтар отряды келіп кірді деген хабар алды.

— Петр Петрович, бір взводқа жуық адамымен офицер Белов келе жатыр. Қазір село шетіне кірген де шығар. Өкше арты Покатиловка, бірақ мен Кобецпен кеше ғана хабарласып едім — ол «қозғалыс жоқ» деген. Соған қарағанда дұшпан отряды тура келе жатқан сияқты, — деді жас Белан «тықырға» есік ашқан екеуіне.

Бұл жұрт орынға отырған кез еді. Тереңсай беттегі Моисей Кисляктің кішкене шоланында сығырайған май шамның шүберек білтесін қайта-қайта түзеп, Петр Петрович Парамонов тізім жасаған Әбдірахманға жарық етіп отырған. Жасырын комитеттің бұл екі мүшесі соңғы күндері елеусіз жүріп керек адамдармен ауызша тілдесіп «Халық дружинасына» жазылғандардың тізімін тағы да сыннан өткізген. Ең табаны, ең алғыр жігіттердің бір тобына қолда бар қаруды ұстатып, Оралдағы ақ казактар мен Жымпитыдағы Досмұхамбетовтер үкіметіне қарсы амал жасауға бел байлаған: бұл «екі үкіметтің» еріксіз ат пен жігіт, ақша мен астық жинап елді ығыр еткені күн санап, ай санап еңбекшілер өшпенділігін арттыра берді де, қарсы күресушілер тобын бұрынғыдан да молайта түсіп еді. Осы жайды есептеп күрес әдісін жобалаған бұл большевиктер алдымен елден салғырт жинатпауға әрекет етпекші болды. Онан кейін қазақ даласын қолына берік ұстап, Жымпиты қаласын мықтап сүйенерлік іргелі пункт ету ниетімен Оралдан күні-түні қару-жарақ пен интенданттық мүлік тасыған жау жолына бөгет жасау міндеті туды. Сондықтан жау-жорыққа жұмсап алатын қиып түсерлік отряд тізімінің ең басында Иван Белан тұрған. Бұл кәдімгі жас кезінде деревняда жүйріктігімен Ванька-Ветер атанған, жиһангерлік соғыста «тіл» алып келудің жойқын «маманы» болып, Иван-Вихорь деген ат тағылған Иван еді.

Қазір Әбдірахман мен Парамонов отырған шоланың сырт жағынан келіп Кисляктің балтамен ағаш ша-

батын сандалына әдетінше екі рет теуіп, жерге бір түкіріп қалып, дыбыс беріп, ішке кірген бұл жас Беланның әкелген хабары селт еткізерлік хабар еді.

Әбдірахман мен Парамонов та орындарынан командымен тұрғандай ұшып тұра келді, екі адамның оқыс қозғалысынан май шамының өлмеші жарығы лып етпестен-ақ өшіп кетті. Әбдірахман қараңғыда шырпы іздеген Парамоновқа:

— Петр Петрович, жақпасаң да болады. Қағаздар менің қолымда,— деді.

— Облава¹ жасау ниетімен келген шығар, бір взводтай болса бұл тегін жүрген отряд емес. Алдымен селодан шығып кетейік, содан кейін бұл отрядтың не пиғылы барын және қалай қарай қозғаларын — сырттан байқайық,— деді Парамонов.

— Дұрыс ақыл. Ал, жалғыз біз емес, басқа жігіттер де білдірмей селодан тегіс шықсын. Бірақ байқасын, қолға түсіп қала көрмесін. Ваня, сен хабарландырасың ба Сорокаларды,— деді Әбдірахман есік алдында тұрған Беланға қарап.

Ол Беланның жүзінде қандай өзгеріс барын қараңғы шолан ішінде тұрып көрмесе де, шамалағандай болды, нендей құдіретті жау болса да қырқып түсерлік алмастай өткір жас солдаттың айта қалғандай бір қимылдап қалуға желіккен түрі бар екені үнінен де байқалып тұр еді. Беланның үні бұйрық күтіп командирдің алдында тік тұрған жауынгердің селт етпес тастай үні.

— Мен Сорока мен Науменкоға айтып келдім,— деді Белан,— олар қазір осында келеді.

— Жарайды!— деді де Парамонов пен Әбдірахман ауланың ішіне қарай шыға берді.

Кисляктың үйі селоның шетінде еді де, оның бір жағын жиілеп шанышқан қадамен қоршаған бақшасының нақ түбіне жыраның иіні тірелетін. Бұл жыраның басы қыр жақтан, сонау Арқа беттегі жонайттан шығады да, аяғы терең саймен ұласып кетеді. Жазғытұры қар суы қырдан жылап ағып, малдың жалғыз аяқ жолындай етіп салған бұл жыра қылдай болып басталып, бара-бара ұлғайып, кеңейіп, тереңітіп барып сайға құйып кететін. Ауладан шыққан күйі бұлар сол жыраға түсті. Бұрын балалар ғана жасырынбақ ойнайтын бұл жыраны көптен бері үлкендер де жақсылап біліп

¹ О б л а в а — шашау шығармай ұстау.

алған-ды. Оның ойлы-қырлы жері де, шөбі мол бұйра жиегі мен түксіз, тақыр иіндері де мәлім; ал оның түбі ұзын бойына, қара жолдың тармағындай, шөп шықпаған ирек жырынды. Осы жыра мен аяғы жалпақ қара су — Тереңсай көптен бері Богдановкадағы комитет штабының жиналып мәжілістесетін, мәжілістен кейін көзге түспей жан-жаққа тарап кететін бүркеме орны болып кетіп еді. Тап осы жыраның Тереңсайға құятын жерінде қару тыққан қуыс та бар-ды...

— Ваня, сен қалғандарды тезірек жеткіз; өзің онан кейін жыраның аузында бол. Ал, келген отрядтың қайда тоқтағанын, не ойы барын байқауға қарттарды салған мақұл болар. Сен батькоңды түсіндірерсің, — деді Парамонов ақырын ғана Беланның құлағына төніп.

Сөйтті де ол еңкейіп, Әбдірахманды қолынан жетелей ілгері қарай жылжи түсті.

Жыраның бұл тұсы адам еңкеймей жүрсе де бойын жасырарлық, теп-терең еді және түбі де нақ жиегіне дейін бидайығымен кей жерде қарабарағы аралас өскен қалың жыныс-ты. Бұлар селодан екі жүз қадамдай аулақ шыққансын шөбі сирек тықырлау бір иінге тоқтап, өрмелеп жиекке асылып, кейінгі жаққа көз салды. Бұл кезде отряд село шетіне келіп кіріп те қалған еді. Көп аттың тұяғының күңгірт дүрсілі, адамның дыбысы, иттердің қаша үріп қаңсылай абалағаны жіңішке селоның бір шақырымдай жердегі екінші басында әбігерленген даңдұң шығарды. Осы кезде жыраның бас жағынан екі кісінің қараңдаған төбесі көрінді де, төменге түсіп жоқ болды. Бұл қараңдағандардың өз кісілері екенін біліп Әбдірахман мен Парамонов екеуі тез қимылдап бір амал істеудің жолын ақылдасты.

— Бір взводпен айқасу оңай жұмыс емес, бірақ ебін тауып бұларды қарусыздандыру керек, қалайда қарусыздандыру керек, Әйтиев. Дұрыс айтамын ба? — деді Парамонов.

Әбдірахман жыраның жиегіне білегін сүйеп, білегінің үстіне иегін қойып, екі көзі селода, ойланып тұр еді. Парамоновтың пікірі бәріне де ортақ, көптен бері ортаға салып шешілген пікір сияқты. Өйткені реті келген жерде қарсы тұрып, жау жағының ардаңдай басқан аяғына тұсау салу — ең болмағанда жолын бөгеу арман еткен міндет қой. Бірақ қайтіп қарусыздандыру керек? Бұл жұмыстың айла-тетігі қалай болар — неден бастап, қалай тындыру керек? Ішкі беттегі көп

селолардан ат пен азық жинап, берген жерде қолынан, бермеген жерде жолынан алып жүрген бұл Белов отряды көптен көзге түскен отряд. Солай бола тұра бұл отрядтың Богдановқаға қашан келетіні, қанша адаммен келетіні және қай кезде келетіні мәлімсіз-ді. Мұны күн бұрын ойлап, жан-жағын өлшеп-пішіп қапысыз соғу тәсілі шешілген жоқ-ты. Ал Парамонов айтқандай бұл облава жасауға шыққан болса деревняны жан-жақтан қоршай келмегеніне кімнің көзі жетеді. Уақыт қорғанған адамға да, бас салатын адамға да дегендей: кәдімгі қара ымырт, ай жоқ; аспанды жұқалап жылы бұлт бүркей түскен — жұлдыз жарығы да мәз емес; жалпақ даланы да, селоны да тұн қымтай бастапты.

...Ал отряд бұл жерге аялдамай ма, аялдаса қона ма? Бұл да мәлімсіз жай...

— Петр Петрович, менің ойымша алдымен қолдағы бар адамды қарумен құралдандырып, осы «траншеяда» ұстап отыру керек. Сонан кейін тың тыңдауға адам шығарамыз,— деді Әбдірахман.

Парамонов оған жауап қатқан жоқ. Әбдірахман сөзінің орындылығын іспен дәлелдегендей жыра ішімен аяқтарын жүгіре басып келген екі адамға:

— Науменкомысың? Тез жүгір, жыраның сай жақ сағасын күзет. Артық дыбыс шығарма, қара-құра көрінсе, қару жұмсамай тез хабарла. Ұқтың ба? Жау қулығын асырып кетіп жүрмесін, байқа. Түсінікті ме? Ал, Сорока, сен мылтықтарды жеткіз. Патрон бөлек. Науменко орнын көрсетеді. Шырпы шағушы болмаңдар. Ұқтың ба? Тез, достым, тез. Түсінікті ме?— деді де жыра бойымен жүгірген екеуінің соңынан өзі де ілесе кетті.

— Петр Петрович, мен барайын, сіз мұнда қалыңыз,— деп еді, Әбдірахман сыбырлай сөйлеп, ал Парамонов:

— Мыналар патрон тыққан орынды жаңылып қалуы мүмкін. Түсінікті ме?— деп артына қарамастан жүгіре берді.

Беланның Әбдірахман мен Парамоновқа: «Бір взводқа жуық адамымен Белов офицер келе жатыр» дегені әбден көзі жетін айтқан дәл хабар емес еді, өйт-

кені бұл отряд бір взводтан әлдеқайда саны кем отряд болатын. Ал, Беланды шатастырған төмендегі жайлар болды. Войско үкіметінің интенданствосында қызмет істейтін офицер Белов бұл жолы өзінше үлкен тәсіл жасаған. Ол өз қарауына тиген Жайықтың сол бетіндегі қыруар деревняларды шетінен түсіп жағаламады, шахмат ойынындағы аттың жүрісі сияқты етіп, бір, деревнядан екінші деревняға қиғаштап асып түсіп отырды. Ондағы ойы күтпеген жерден үстінен шығып, елдің қолдағы бар ат пен азығын аңдаусызда шашау шығартпай алу еді. Ал, айла-құлығы мол украин шаруалары өткен жолы ретін тауып, кейбір жерлерде атын да, азығын да жасырып қалған. Долинноеда Белов қона-түстене жатып үй қалдырмай тінтсе де, бір түйір дән таппай, ыңғыршағы айналған мәстектен өзге қолға ілігерлік жылқы кездестірмей қайтқанды. Сондықтан ол бұл жолы айласын асыруға тырысты: отыз шақырымнан астам жердегі Новопавловкадан түстен кейін шығып, жолдағы Покатиловкаға соқпай, оның қыр жағымен айналып өтіп, ымырттата осы Богдановка селосына жетіп еді. Және мұнда жай кірген жоқ, қасындағы он бес солдатына селоның жайылыста жатқан бүтін саяғын жолшыбай жинаттырып, алдарына салып айдай келген болатын. Осы кезде Белан өзінің көңілі қалаған Мариясымен құдық шегенінің үстінде құшақтасып отыр еді. Қас қарайып қалған, алыстағы дүбір алдымен құлаққа шалынды да еңкейіп қараған жіті көзге басында топталып, жұмарланып көрінген қалың қарасын келе-келе қаптап өріп келе жатқан аттылы адамдарға айналып кетті. Белан олардың құр ғана аттылы емес, мылтықтары шошайған солдат екендерін де біраз жерден айырып қалған. Бірақ ол ашу қысып, ұзақ отырып әбден байқап алмай аттылысын да, аттылар айдап ортаға алған жылқысын да қарулы солдатқа санап еді.

Мына бандиттер тағы да келіп қалды,— деді ол орнынан ұшып тұра келіп.— Маша, сен Моисей Антоновичке жүгір, қапы қалмасын, отряд келіп қалды, мен Петр Петровичке кеттім...

— Сол Белов офицер ме екен?— деп еді Маша таңданып, оған бүркітше шүйілген Белан:

— Жап аузыңды! Офицер емес, бандит! Ел тонаушы! Жесір әйелдерді аңдыған төбет! Ендігәрі ол тағы да «шәлі» берсе, мен сені де, оны да өлтіремін. Ол бандиттің сүйегінен сенің басыңа крест қоямын,— деді

даусы да, түсі де бұзылып, жер астынан шыққандай болып.

— Сен Ваня, қояншықсың! Босқа күйдіресің. Мен өзім өлтіремін ол бандитті, ендігәрі шәлі сыйласа,— деді Мария да түсін өзгертіп.

Бірақ Белан оның соңғы сөзіне құлақ ілмеген сияқтанды. Оның қаны қайнап, түсі бұзылып кеткенін Маша тісінің шықырлағаны мен қолын жұлқып тастаған қимылынан анық сезді; жүзін анықтап көріп, көзіне қарай алмады. Әйел тек қана « бір үлкен бақытсыздыққа өзінді де, өзгені де ұшырататын шығарсың» деп ойлап, ақырын дауыспен:

— Мойсей Антоновичке не дейін,— деп сұрады.

— Қапы қалмасын, бір взвод отряд де...

Белан аршындай ұмтылып, екінші үйдің ауласынан әрі асып жоқ болды да, Мария старостаның үйіне қарай жүгіре берген.

Үлкен-кіші деп, таңдап түсетіні жоқ, бәрі біркелкі, қара торғайдың ұясындай томпиып тізіліп тұрған шаруа лашықтарының шеттегі бір тура келгеніне тоқтап, отряд айдап әкелген аттарды аулаға иірді. Жалма-жан жүген жинауға жұмылған солдаттар өгіздің бас жібін, ноқта мен шылбырды, жеңіл-желпі арқанға дейін қоймай сыпырып, айдап әкелген аттарды ұстап тізе бастады. Жүген мен ноқта жетпегенін арқанмен матастырып жатты. Топтап айдаған дүбірге, қару-жарақты адамдардың өктем қимылы мен абыр-жұбырына елегізіп, кейбір қамыттан мойны босап, белін көтеріп қалған аттар аулаға кірмей, кіргеннен кейін де қайтадан қашып шығып әлекке салды. Сороканың өз қорасынан басқа жерге тұрмайтын үлкен көк аты жем жеп үйренген астауына қашып кетті де, оның соңынан Беланның сары аты ере жөнелді. Сатып алған малдай-ақ, өзгенің жылқысына қожайынсып қалған солдаттың бірі бұл екі атты қайырмақшы боп соңынан шоқақтай түсіп еді, бағанадан бері, кешкі дүрмекке ызалана шабалақтаған бір ит желіп бара жатқан атқа қосыла кетті. Әрі артынан айқай, әрі ит қабырғалаған ат құйрықты көтеріп елірген бойы Беланның кішкене қақпасына тұмсығы тірелгенше шапты...

Село шетіне отряд келгенін көрі Белан ести қойған жоқ-ты. Ол мезгілсіз қайтып келген атты қақпаны ашып, ішке кіргізді де, мойнынан сипалап, лапас астына қарай жетектеді. Бірақ артынан ере келген ат-

тылы солдат аттың кірген қақпасын байқап қалып, шал жайлап үлгіргенше, ол да келіп жетіп еді.

Ләззәтті минутін бөліп, еріксіз құшағын жаздырған жауды Иван Белан атып жібергендей болды. Ол құдық басынан тұрып, хабар беру үшін — Парамоновқа жеткенше ашу мен кектің құшағында болды, жауынан қалайда өш алудың жолын ойлады. Деревняға кештетіп кірген отрядтың Белов бастаған ат, азық жинаушы топ екеніне ол шек келтірген жоқ, өйткені сол маңда бұлардан басқа қарулы солдаттар болмайтын.

...Айнала шарлап, шаруаның күн көріп отырған жалғыз атымен, шоланындағы ақтық астығын тиетіп жүрген бұл мейманасы асқан әмірші осы селоның тағы да там-тұмын тақырламақшы ма? Бұл жолы кімнің атына құрық салынбақшы? Сары аттың кезегі ме?.. Онан да әрі... Еріккен офицер өткен жолғы ермек еткендей Машаның иегінен көтеріп мөлдір көзіне мөлімекші... өзіне-өзі сеніп, білгенін істеп, кеудесін көтерген иттің баласы!..

Беланның ойына офицер Беловтың алдымен өзін қолға түсіру амалы өріле берді. Оның көз алдында жас кезінде әкесімен бірге базарға торай апарғаны елестеді, Иван торайды қуып жетіп аяқпен қағып, домалатып жіберді де, оны орнынан тұрғанша желкесінен ұстап қапқа тығып та үлгірген. Зар қаға шыңғырған торай арбаға салғаннан кейін де тулап көп заман бебеу қаққан! «Сол торайдай етіп қапшыққа тығамын мен сені» деп тістенді ол офицер Беловқа сыртынан кіжініп, «торайдан да жаман шыңғыртармын әлі, тұра тұр, иттің баласы!» Ол тап сол минутте Беловты қапшыққа салып көтеріп келе жатқандай иығын көтере түсіп: — Жоқ, шыңғырса жұрттың бәрі естиді. Тап Туриндегі¹ қолға түсірген Герман фельдфебеліндей² етіп желкеге бір нұқып: «Өшір үнінді, әйтпесе котлет етіп жіберемін», — деп күбірледі.

Бірақ түтеген Белан Парамоновтарға келіп отряд туралы мәлім еткенде өзінің ойлап-пішкен: «Қапшыққа салып алу жоспарын» айтпады.

Жұртқа бойлай ақыл айтып, жөн сілтейтін әрі білгіш, әрі шешен Парамонов пен атаққа шыққан оқы-

¹ Туринг — қаланың аты.

² Фельдфебель — әскери атақ.

мысты қазақтың алдына келіп тік тұра қалғанда ашудан көрі оны әдеп сақтау сезімі жеңіп кетті. Бұл екі басшының нұсқаусыз өз бетімен іс істеу оған ақылсыздық сияқты көрінді. Айлап, жылдап оқытқан ұстазындай дүниеге көзін аштырып саяси санасын оятқан Парамоновқа ол өте-мөте ден қоятын, оны ең қадырлы адамы есебінде құрметтейтін. Оның айтқан әрбір сөзін азаппен тапқан асыл қазынадай, бір түйірін жерге түсірмей қағып алуға тырысатын. Сол Парамонов: «Ваня, сен қалғандарды тез жеткіз. Өзің жыраның аузында бол. Отрядтың не ойы барын байқауға қарттарды салу керек. Сен батықоді түсіндірерсің», — деді. Бұл салпақтап айтқан қысқа-қысқа сөздер Беланға тап осы минутте істейтін істің программасы сияқты көрінді де, ол басшының берген нұсқау-бұйрығын тапжылдырмай орындау үшін кері қарай жүгірген болатын.

Жолда ол көшемен шапқан аттың дүрсіліне құлағын тосып тұра қалды. Жүресінен отыра қалып қараған Беланның көзіне тап өз қақпасына қарай бұрылған аттылының түн ішінде шамадан тыс зорайып көрінген бейнесі ілінді: бұл аттылының солдат екендігіне Беланның иненің жасуындай да шұбасы болмады. Өйткені мылтығы шошайған қарулы адам. Ендігі мұның ойына келгені: «Мұның біздің үйде қандай жұмысы бар? Мені іздеп келді ме? Онда қалай болғаны — бір бұзық сырттан көрсетті ме, коммунист деп? Парамонов айтқандай бұл облава болды ғой?!» — деген ұшықиыры жоқ жалғасып жатқан күдікті болжал мен сұраулар болды. Бірақ көп ойлауға уақыт жетпеді, — солдаттың не үшін келгені екінші минутте-ақ белгілі болды...

Белан өз қақпасының алдына таман жақындай түсті. Атымен ішке қарай еніп кеткен солдат оны байқамады. Үйдің есігіне төніп барды да:

— Кім бар үйде? Ана атты тез ұстап жүгендеп лапас астынан шығарып бер! — деді солдат дауыстап.

— Сіз кімсіз өзіңіз? — деп сұрады шал лапас астынан.

«Атты шығарып бер» деген өмірші оны байқаған жоқ екен, дауыс шыққан жаққа қарай ол жалт бұрылып атын омыраулатып ілгері ұмтыла түсті. Аттылының кім екенін білуге тырысқан шал, лапас астынан шығып оған жақындай берді.

Солдаттың неге келгенін шал Белан жаңа ғана ұқ-

ты. Лапас астынан шыққан әкесінің арғы тасасынан сары аттың түн ішінде ағараңдап көрінген сауыры иесінің көзіне ап-анық көрінеді. «Ым, бал ашып, суға қарағандай біліп едім сары атқа кезек келерін...» деді ол тістеніп.

— Сіз кімсіз, өзіңіз? — деп сұрады тағы да шал жақындап, — ат біздің ат. Қырдан қайтып келген, үйге жем жеуге оралған.

Солдат қазақтың қолындағы өткір қамшы шалдың басына шарт ете қалды. Қамшының белгілі шартылымен қатар «eh!» деген шал аузынан шыққан оқыс дыбыс та Беланның құлағына қасында тұрғандай естілді. Арғы жағын оның өзі де талдап жатпады, не істеп, не қойғанын да айқын түсінген жоқ, тіпті өзінің күндіз де иіліп-бүгіліп әрең кіріп шығатын сенегінің апаласа сыртқы есігінен еңкейместен ішке қалай кіріп кеткенін де байқамай қалды. Әкесі Лазарь шалдың күндіз көлеңкеде отырып жонып әзірлеп қойған үш шегіршін айырсаптың оның қолына ең ұзыны ілінді де, ол көз жұмғанша іштен қайтадан қарғып шықты.

— Таныдың ба енді кім екенімді? — деді солдат казак басын қос қолдап ұстап отыра кеткен шалға кекесін үнмен, — жүгенде жылдам атты, сойдауылдай болған айуан...

Арғы жағында не айтарын кім білсін, солдат әйтеуір сөзін аяқтап үлгермеді, желкеден меңзеп бар пәрменмен сілтеген шегіршін соққының екпінімен ол атынан ауытқып кетті; соққыдан сескенген ат та солға қарай жалт бұрылды. Ал бастан алып тиген қамшының ұшы шал бетін шоқ басқандай күйдірін кетті де, жалма-жан баса қалған қос алақанға қан да жып-жылы боп сорғалай қалып еді. Сондықтан да шал, үстімді былғар дегендей, дуылдаған бетті төмен ұстап, қанын жерге ағызу үшін отыра кеткен болатын. Ол аттылы солдаттың ел емес екенін де, оның жай келмегенін де жаңа ғана түсінді. Бірақ онымен қайтадан тілдесіп қарсылық айтуға баласы мұрса бермеді.

— Түрегел, батько, атты жіберме! Ұста! — деді әкесіне, өзі соққы тиіп ер үстінен есеңгіреп құлап бара жатқан солдатты қапсыра құшақтап, аударып алып жатып.

— Сен Иванбысың?.. Әлде Иван емеспісің? — деп сұрады шал сасып қалып, оның дыбысы да зорға шықты.

Ол ұмар-жұмар болған жердегі екеуіне де, лапас

астына қарай тығыла түскен солдаттың атына да ұмтыла қоймады, басын ұстаған күйі орнынан тұра келіп үйге қарай қалталақтады.

Ешбір қарсылықсыз, илеген терідей, қолға жұп-жұмсақ тиген еңгезердей казакты Иван, тұрып кететіндей, жерге етпетінен салып тіземен түйгіштей түсті. Сөйтті де оның қылғынған адамдай қырылдап ыңырсған әлсіз дыбысын естіп, жалма-жан, үстіндегі қару-жарағын сыпырып алды.

— Батко, бол жүгір, үйден қапшық алып кел. Картошка салған үлкен қапшықты, — деді ол әкесіне. — Батько, бассайшы аяғыңды, мынаны іздеп басқалар келіп қалады. Бол!

Шал үлкен қапшықты қалтылдап келіп баласының қолына ұстатып жатып:

— Күнәлі іс істеліп кетті, Иван! Өте күнәлі іс! — деді қараңғыда басын шайқап.

Бірақ Иван әкесімен күнә тескерісіп жатпады. Ол үн қатпастан солдатты жұмарлап қапшықтап, ә дегенше аузын буып, сүйрелеп лапас астына апарды, сөйтті де:

— Батько, мына қапшықтың үстіне ана ескі пішеннен бір-екі құшақ пішен тастай сал. Атты байла. Қақпаны бекіт. Шамды сөндір. Өзімнен басқа ешкімге жауап қатпа. Жата бер. Мен қазір қайтып келемін, — деп ауладан қарғып түсіп, село үстін мықтап қымтаған түн қараңғысына сүңгіп кетті.

Солдаттың мойнынан сыпырған қылыш пен винтовканы ол өзі алып кетті.

5

Кешікпей-ақ деревняға айдап кіргізген қырық жылқыны түгеліне жақын аулаға қамап ұстатып, жүгендетіп байлаттырды да, офицер Белов:

— Екі адамды бөліп күзетке шығар. Деревняның ішін де, сыртын да көз ілмей түнімен бақылап шықсын. Хохолдар, хайлакер, астығын тығып тастамасын. Жақсылап қадағалат! — деді жирен сақал хорунжийге оңашалап бөлек шығарып алып, — қалған адамдар түгелімен ат төңірегінде болсын. Бір елі аулақ шықпаңдар. Казакқа ең алдымен керегі ат пен қылыш екені естен шықпасын.

Ауырлау денелі қартамыс хорунжий капитанның алдында қорбаң қимылмен честь беріп, өкшесін сарт